

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті»

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Қазақ тілі және мәдениеті кафедрасы

Сабақтың тақырыбы:

Тілді қолданудың нормалары.



Дәріс оқушы: доцент Қалыбекова Қаламқас Сағындыққызы

Қ а р а ғ а н д ы , 2 0 2 5

01

Қайырлы күн, құрметті студенттер!

Бүгінгі сабағымызды бастаймыз.

Сабақтың тақырыбы – Тілді қолданудың нормалары.

Кәсіби мәтінмен жұмыс.

Сабақ барысында біз негізгі ұғымдармен танысып,
тәжірибелік тапсырмалар орындаймыз.

Назар қойып тыңдауларыңызды сұраймын!

Сабақтың мақсаты:

Тілдік құралдарды орынды, дұрыс және тиімді қолдану дағдысын қалыптастыру.

Қарым-қатынас барысында әдеби тіл нормаларын сақтауға үйрету.

Сөйлеу мәдениетін жетілдіріп, ойды анық, дәл әрі түсінікті жеткізе білуге баулу.

Қате қолданыстардан, дөрекі сөздерден, нормадан тыс құрылымдардан сақтандыру.

Әлеуметтік және кәсіби ортада тілдің коммуникативтік қызметін толыққанды жүзеге асыруға мүмкіндік жасау.

02

1-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқыңыз.

Тілді қолданудың нормалары – тілдік жүйенің ішкі заңдылықтарына сүйеніп, сөздерді дұрыс іріктеу, орынды пайдалану, грамматикалық құрылымдарды сауатты құру және қарым-қатынас жағдайына сәйкес тілдік бірліктерді таңдай білу қабілеті. Бұл нормалар тіл мәдениетінің негізгі көрсеткіші болып саналады және қоғамдағы қарым-қатынастың тиімділігін қамтамасыз етеді.

Әдеби тіл нормалары бірнеше салада көрінеді: орфоэпиялық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық, стильдік. Орфоэпиялық норма сөздерді дұрыс дыбыстауды талап етсе, орфографиялық норма жазу ережелерін сақтауға бағытталады.

03

Мәтіннің жалғасы:

Тілді қолданудың нормаларын сақтау – тек тілші ғалымдардың міндеті емес, әрбір сауатты азаматтың парызы. Себебі қоғамда мәдени қарым-қатынас орнауы, кәсіби және ресми қатынастардың дұрыс жүргізілуі, тіпті тұлғаның беделі де осы нормаларды қаншалықты сақтай алуымен байланысты.

Лексикалық норма сөздің мағынасын дәл қолдануды көздейді. Ал грамматикалық нормалар сөйлем құраудың синтаксистік, морфологиялық заңдылықтарын қадағалайды. Сильдік норма болса, ойды жеткізудің мақсат-міндетіне сәйкес тілдік құралдарды таңдауға мүмкіндік береді.

Мәтіннің жалғасы:

Норма бұзылған жағдайда түсінбеушілік, қате түсіндіру, коммуникативтік кедергілер туындайды. Демек, тілді қолданудың нормаларын сақтау – ұлттық құндылыққа, мәдени мұраға, халықтың тілдік бірегейлігіне құрметпен қараудың айқын көрінісі.

Бұл нормаларды меңгеру арқылы жеке тұлға өз ойын анық, дәл және әдепті түрде жеткізе алады, кәсіби салада да, тұрмыстық ортада да жоғары деңгейде тілдік мәдениетін таныта алады.

2-тапсырма. Сөздікпен жұмыс. Мына сөздерді аударыңыз. Есіңізге сақтап алыңыз.

- ❖ Тіл —
- ❖ Тілдік норма —
- ❖ Тілдік жүйе —
- ❖ Сөз —
- ❖ Заңдылық —
- ❖ Дыбыс жүйесі —
- ❖ Сөз байлығы —
- ❖ Мағына —
- ❖ Сөз мағынасы —
- ❖ Грамматикалық құрылымы —
- ❖ Әдеби тіл —
- ❖ Тіл мәдениеті —
- ❖ Сұрыптау —
- ❖ Кәсіби қарым-қатынас —
- ❖ Сөйлеу әрекеті —
- ❖ Сөйлем құрау —
- ❖ Дағды —
- ❖ Коммуникативтік кедергілер —

06

Мамандық тілін қолдану нормалары – коммуникация саласында шектеулі мамандықта қолданылатын барлық тілдік құралдардың жиынтығы. Мақсаты – белгілі бір салада жұмыс істейтін адамдардың өзара түсіністігін қамтамасыз ету. Кәсіби қарым-қатынас саласының тілі жазбаша немесе ауызша сөйлеу тілі болады.



3-тапсырма. Нормаларды ажырату

Мәтіннен орфоэпиялық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық және стильдік нормаларға қатысты сөйлемдерді тауып, топтастырыңыз.

4-тапсырма. Қате түзету

Төмендегі сөйлемдерде тілдік нормалар бұзылған. Қай норманың бұзылғанын анықтап, дұрыстап жазыңыз:

1. Бүгінгі күнде адамдар көп кітап оқымайды.
2. Университетте көптеген студенттер оқиды.
3. Қойылған сұраққа нақты толық жауап қайтарыңыз.

5-тапсырма. Салыстырмалы талдау

«Тілді қолданудың нормалары – тіл мәдениетінің негізгі көрсеткіші» деген тұжырымды өз сөзіңізбен түсіндіріп, мысалдар арқылы дәлелдеңіз.

6-тапсырма. Жағдаяттық талдау

Сіз ресми жиында баяндама жасап тұрсыз. Бір әріптесіңіз әдеби тіл нормасын сақтамай сөйлеп кетті.

Бұл жағдайда сөйлеушінің беделіне қандай әсер етуі мүмкін?

Сіз орфоэпиялық немесе стильдік норманы қалай сақтап сөйлеуді қалар едіңіз?

7-тапсырма. Шығармашылық талдау

«Тілдік нормаларды сақтау — ұлттық мәдениетті құрметтеу» деген пікірді дәлелдейтін 5—6 сөйлемдік шағын эссе жазыңыз.

8-тапсырма. Теориялық талдау

Тілді қолданудың нормаларына қандай түрлер жатады? Әрқайсысына қысқаша түсінік беріңіз.

9-тапсырма. Сәйкестендіру

Төмендегі ұғымдарды сәйкестендіріңіз:

1. Орфоэпиялық норма
2. Орфографиялық норма
3. Лексикалық норма
4. Грамматикалық норма
5. Стильдік норма

- А. Сөздердің дұрыс айтылу ережелері.
- Б. Сөздердің дұрыс жазылу ережелері.
- В. Сөздің мағынасына сәйкес қолданылуы.
- Г. Сөйлем құрылымының заңдылықтары.
- Д. Ойды жеткізуде мақсатқа сай тілдік құралдардың қолданылуы.



10-тапсырма.

«Тілдік норма» және «Тіл мәдениеті» ұғымдарының айырмашылығы мен ұқсастығын салыстырыңыз.

11-тапсырма.

«Тілдік нормаларды сақтау – қоғам мәдениетінің айнасы» тақырыбында шағын ойтолғау (5–6 сөйлем) жазыңыз.

12-тапсырма.

Мәтіннен нормалардың әр түріне (лексикалық, грамматикалық, стильдік, орфографиялық, орфоэпиялық) қатысты мысалдар келтіріңіз.

13-тапсырма. Дискуссиялық

Кейде сөйлеу тілінде нормадан ауытқулар болады. Сіздің ойыңызша, бұл құбылыс тіл мәдениетіне зиян ба, әлде дамудың бір көрінісі ме? Дәлелдеңіз.

14-тапсырма. Тәжірибелік

Күнделікті өмірден тілдік норма сақталмаған үш мысалды жазыңыз және оларды қалай дұрыс айту/жазу керектігін көрсетіңіз.

15-тапсырма. Терминмен жұмыс

«Орфоэпия», «лексикалық норма», «стильдік қате», «әдеби тіл» терминдеріне анықтама беріңіз және әрқайсысына мысал келтіріңіз.

16-тапсырма. Мәтін құрастыру

Берілген сөздерді (мәдениет, тіл, қоғам, қарым-қатынас, норма) қолданып, тілдік нормаларды сақтай отырып, шағын мәтін (6–7 сөйлем) жазыңыз.

17-тапсырма. Қате сөйлемді табу

Төмендегі сөйлемдердің қайсысында тілдік норма бұзылғанын анықтап, дұрыстап жазыңыз:

1. Студент сабаққа уақытылы келіп отырды.
2. Көп адамдар концертке барды.
3. Университетте жаңа кітапхана ашылған болатын.

18-тапсырма. Дәйексөзді талдау

А.Байтұрсынұлының «Әдеби тілді сөйлей білу — үлкен өнер» деген сөзін талдап, оның тілдік нормаларды сақтауға қалай байланысты екенін түсіндіріңіз.

19-тапсырма. Сөздікпен жұмыс

Көп мағыналы сөздерден мысал келтіріп (3 сөз), олардың дұрыс қолданылуы мен нормаға сәйкес емес қолданысын салыстырып жазыңыз.

Тілдік нормаға, сөзді дұрыс қолдану мен сөйлеу мәдениетіне қатысты мақал-мәтелдерді оқыңыз және есте сақтаңыз:

- ❖ Жақсы сөз – жарым ырыс.
- ❖ Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле.
- ❖ Сөз – адамның айнасы.
- ❖ Жақсы сөз көңілді жадыратады.
- ❖ Сөз сүйектен өтеді.
- ❖ Тіл тас жарады, тас жармаса – бас жарады.
- ❖ Көп сөз – көмір, аз сөз – алтын.
- ❖ Ақылдың кілті – тіл.
- ❖ Сөздің көркі – мақал.

20-тапсырма. Қате сөздерді түзетіңіз. Кестедегі сөздерден нормадан ауытқуды тауып, дұрыстаңыз.

Сөйлем	Қате қай нормада?	Дұрыс нұсқа
Қазір біздер бара жатырмыз.		
Әрқашанда көмек беруге дайын.		
Жастар бүгінгі күнде белсенді.		

21-тапсырма. Әр тілдік нормаға бір сөйлемнен өз мысалыңызды құрастырыңыз.

Норма түрі	Өз мысалыңыз
Орфоэпиялық	...
Орфографиялық	...
Лексикалық	...
Грамматикалық	...
Стилдік	...

22-тапсырма. Артық сөзді тап. Әр қатардан норманы бұзған артық сөзді белгілеңіз.

Қатарлар	Артық сөз	Неге?
студент, оқушы, шәкірт, халық	...	...
бүгінгі күнде, қазіргі, қазір	...	...
алдын ала, алдын, әуел бастан	...	...

23-тапсырма. Жіктеу кестесі. Берілген мысалдарды тиісті норма түріне бөліп жазыңыз.

Мысалдар	Орфоэпия	Орфография	Лексика	Грамматика	Стиль
Ғалым сөзі – ғалым	...	...	...	...	...
Көп студенттер деп айту	...	...	...	...	...
Өте уникальный тіркесі	...	...	...	...	...
Мен бара жатырмын	...	...	...	...	...

Үй тапсырмасы:

- ❖ Мәтінді оқып, әңгімелеңіз.
- ❖ Сөздерді, термин сөздерді жаттап, есте сақтаңыз.
- ❖ Мәтіннен сөз тіркестерін тауып, сөйлем құрастырыңыз.

**Назар
аударғандарыңызға
рақмет!**

22